**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**Ш Е Ш І М**

2024 жылғы 24 маусым № 1013-24-00-2/978 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т. Ергалиева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Абай облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «М. Әуезов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер Данияр Сүндетханұлы Жұмахан

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Абай облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «М. Әуезов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер Данияр Сүндетханұлы Жұмаханды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Данияр Сүндетханұлы Жұмаханды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Данияр Сүндетханұлы Жұмаханнан Абай облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «М. Әуезов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 4554 (төрт мың бес жүз елу төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Данияр Сүндетханұлы Жұмаханнан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 25.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 01.08.2024, судья Ергалиева А. Т., 01.08.2024
1013-24-3-1/967

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы тарап осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бір ай мерзімде апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **А.Ергалиева**

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 25.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.08.2024, судья Ергалиева А. Т., 01.08.2024

1013-24-3-1/967